


# Жапырағын жайған Бәйтерек




## АЛҒЫСӨЗ

Әкемізге арналған естелік кітапшамызға сол кісінің атын жалғастыратын ұрпақтары туралы қысқаша мәлімет бердік. Ата-анамыздың тәрбиесін, рухын сақтайтын қыздары жөнінде де мағлұмат бар. Негізгі көздеген мақсат: өсіп келе жатқан болашақ ұрпақ, жас жеткіншектер өз үлкендерінің өмірінен тағлым алып, естерінде сақтап өнегелі, бауырмал, мейірімді болсын деген ой...  
Баспадан өткізіп, көркемдеген Айдын Биболов пен Әсел Бибол.  
Шахи мен Марал отбасынан Әкеміздің туғанына 100 жыл толу мерейтойына арнау деп қабылдарсыздар.

**Copyright ©2005 ABS Publishing House  
All rights reserved**

## Сыздықов Сәулебек

Асқар таудай Әкеміз – Сәулебек 1905 жылы күз айында Шет ауданының Айғыржал ауылында туған. Араб және латын тілдерінде білім алған. Ер балалардың үлкені болғандықтан, өзінің апалары мен інілерінің, немере, ағайын туысқандарының қамын ойлап, үнемі қамқоршы болған. Әкеміздің жігіттік өмірі кезеңінен көп естігеніміз: ол кісі көркем, әдемі, ұқыпты, жинақы болған.



Анамыз Зүһрә екеуі отасқанда ол кісі өмірдің біраз қиын-қыстау кезеңінен өткен, ысылған азамат еді. Екеуінің жас ерекшелігі – 12 жыл. Анамыз 1917 жылы «ақ кетіп, қызыл келіп» жатқан уақытта Ақбауыр деген жерде дүниеге келген. Біреуі күзде туғандығын, екіншісі туған уақытын тарихи өзгерістермен байланыстырып октябрь революциясы туралы айтқандықтан әке-шешеміздің туған күндерін 7-қараша (ноябрь) етіп белгілеген едік. Бұрын, Кенес Одағы кезінде ол мерекеге жан-жақтан бәріміз жиналатын мүмкіндік болғандықтан, бірігіп тойлайтынбыз.

Ыстық-ау кім-кімге де әке деген,  
Суыққа шалындырмай мәпелеген.  
Өмірдің соқпағын өрге тартып,  
Алдымен адам бол деп жетелеген.

Тағдырдың кеуде тосып жартасына,  
Біз үшін түскен майдан ортасына.  
Алаңсыз салып сайран шалқып жүрміз,  
Біз бүгін әкелердің арқасында.

Әкеміз ұзақ жылдар ауылдық кеңестердің белгілі мүшесі ретінде белді қызметтер атқарған; елдің өсіп-өнуіне ат салысқан адам. Майданға да ауылдық кеңестің атқару комитетінде қызмет етіп жүргенде аттанған. Ұлы Отан соғысының қатардағы жауынгері – Сыздықов Сәулебек жеңістің отыз жылдық мерейтойына арнап жазған мақаласында былай дейді:

Ел басына күн туған 1941 жыл әркімнің есінде. Неміс басқыншыларының елімізге опасыздықпен шабуыл жасағаны барлық совет адамының ыза-кегін тудырды. Сол жылы июль айының басында біздің ауданымыздан жауға қарсы 84 адам аттандық. Оның көбісі Совет Армиясы қатарында болып, арнайы дайындықтан өтпегендер еді. Сондықтан бізді Ақмола қаласындағы (қазіргі Целиноград) жаңа ұйымдастырылып жатқан 310 дивизия құрамына апарды. Мұнда бізді бір айға жуық әскери дайындықтан өткізгеннен кейін Ленинград майданына жөнелтті. Біздің дивизия Ленинградтан 40-50 километрде жаудың қоршау шебіне орналасты. Ол кезде мен рота санитары едім.

Ұзақ күнгі шайқаста ротаның екі санитары дамыл таппай, бораған оқтың астында жаралы жауынгерлерге санитарлық көмек көрсетумен болдық. Осы жолы мен неміс снарядтарының дүмпуінен контузия алып, бірнеше күн бойы үнім бітіп, құлағым естуден қалды. Екінші бір шайқаста ауыр жараланып, госпиталға түстім. Емделу орнынан жазылып шыққаннан кейін мені Вологда қаласында жаңа ұйымдастырылып жатқан бір дивизияға жіберді. Мұнда дәрігерлер мені денсаулығымға байланысты қалдыруға рұқсат етпеді.

1942 жылы «Карелофин» майданында 6 ай болып, сол майданға қарайтын Архангельскіде ұйымдасқан полкте 2 жылдай қызмет еттім. Біз қайда болсақ та командирлердің айтқанын бұлжытпай орындап, өзіміздің отанымызға шын берілген коммунист екенімізді көрсете білдік. Бұрынғы снаряд дүмпуінің зардабынан денсаулығым төмендегеннен кейін 1944 жылдың 16 апреліне ауылға қайтып оралдым. Келген бетте ауылдағы ауыртпашылыққа да бел шешпей араласуға тура келді. Аққоян, Тағылы, Нұра ауылдық Советтерінде 13 жыл атқару комитеттерінде председатель болып, соғыстан кейін ауыл шаруашылығын қайтадан қалпына келтіру ісінде еңбек еттім.

Ұлы Отан соғысының Ұлы жеңісі оңайшылыққа түскен жоқ. Оның ауыртпалығын әрбір семья, еңбектеген баладан бастап, еңкейген қарияға дейін көрді. Біз бір семьядан үшеу аттанған едік. Інім Серік Сыздықов сол майданнан оралмады. Ал немере інім Мұқашев Ақжжан Совет Армиясы қатарында 7 жыл болып, жеңіспен оралды. Ол майдандағы ерлігі үшін екі рет Қызыл Ту орденімен наградталыпты. Қазір ол «Шет» совхозында еңбек етеді. Сол сияқты майданда ерлік көрсеткен бұрынғы жауынгерлер, қазіргі әртүрлі мамандық иелері запастағы командирлер М. Санаубаров,

О. Сәрсенбеков, Ж. Құтжанов, К. Дүйсенбеков, С. Оразбековтердің ерлік істері кейінгі ұрпаққа үлгі өнеге.

Кешегі отты жылдар елесі көз алдыға келгенде «келмеске кетсін сол бір шақ» дегің келеді.

Бейбіт күн аспаны шайдай ашық болып, кейінгі ұрпақ алаңсыз өссін! Қазіргі барша халықтың жарқын тілегі – баянды бейбітшілік нығая берсін!

Соғыстан қайтқан әкемізді үйінде жұбайы Зүһрә, үлкен ұлы Жамбыл, бүкіл туысқандары және ауыл тұрғындары қуанышпен қарсы алды.

Еліне аман-есен оралған әкеміз жүдеп-жадап қалған отбасына, туғандарына көмек көрсете бастады. Сол кезден бастап ол кісі оқудың білімді шыңдаудың өте қажет екендігін түсініп, халық ағарту жұмыстарына да араласты. Сондықтан болса керек, анамыз екеуі тәрбиелеп өсірген он баласы да (жеті баласы, үш немересі) жоғары оқу орындарын бітіріп, еліміздің білімді, мәдениетті азаматтары болып қызмет етіп жүр. Әке-шешеміз жеті балалы болды (сегізіншісі 8 айлық қыз бала туғаннан кейін бір күннен соң қайтты). Осы жағдайға байланысты Әкеміздің майданда жүргенде болған уақиға туралы айтқан әңгімесі есімізде: жауға қарсы атылған оқтар тоқтатылып, окопта біраз тыныштық орнаған шақ. Күн суық, аспанда қара бұлт. Шаршаған жауынгерлер командирлерімен бірге өзіміз жататын казармаға бет алдық. Жолшыбай бір түбіршіктің жанында шырылдаған дауыс естілді. Тоқтап, көңіл аударып қарасам, кіп-кішкене құс балапандары бірінің үстіне бірі өрмелеп, жан таласып, тоңып жатыр екен. Күннің ызғарына қарамастан, бас киімімді (малақайымды) шешіп, тез-тез жаңағы балапандарды салып алдым. Казарманың іші далаға қарағанда біршама жылы, дегенмен мен балапандарды шапкада қалдырып, өзім жеген нанымның ұсағын соларға бердім. Артынан санасам, олар сегіз екен, біреуі жіңішке аяқтарына тұра алмайтын әлсіздеу болды, ақырында ол қатарға қосылмай, өліп қалды. Ал қалған жеті балапанды біртіндеп өз қолымнан ұшырдым...

Міне, Әкеміз өз өмірінде дәл осылай өзінің жеті баласын, үш немересін қолынан ұшырды...

Біздің ата-анамыз екі ұл, бес қыз тәрбиелеп, олардан 19 немере, 18 шөбере көрді

## Жамбыл Сәулебекұлы

Жамбыл Сәулебекұлы Ақылбаев 1938 жылы 27-шілдеде Қарағанды облысы Шет ауданының орталығы Ақсу-Аюлы селосында туды. Жамбылдың балалық шағы Ұлы Отан соғысының жылдарымен тұспа-тұс келді.



1956 жылы Ақсу-Аюлы селосындағы Ыбырай Алтынсарин атындағы орта мектепті бітіргеннен соң ол Қарағанды мемлекеттік педагогикалық институтының физика-математика факультетіне оқуға түсті.

1968-1971 жылдар аралығында Ж. С. Ақылбаев осы институттың физика кафедрасының аға оқытушысы, физика-математика факультеті деканының орынбасары қызметтерін атқарды. Ол осы кезеңде (1970 жылы) ҚазМУ-де физика-математика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін диссертациясын табысты қорғап шықты. 1972 жылдан 1986 жылға дейін 14 жыл бойы Ж. С. Ақылбаев ҚарМУ-дегі теориялық физика кафедрасының меңгерушісі, физика факультетінің деканы, университеттің ғылыми жұмыстар жөніндегі проректоры қызметтерін атқарды.

Жамбыл Сәулебекұлы Ақылбаев 1986 жылы Гурьев педагогикалық институтының ректоры болып тағайындалады. Мұнда оның жоғары мектептің үлкен ұйымдастырушысына тән таланты кеңінен ашыла түсті. Ж. С. Ақылбаевтың ұйымдастырушылық таланты 1991 жылдан, Қарағанды мемлекеттік университетіне ректор болып тағайындалғаннан бастап толық деңгейде байқалды.

ҚарМУ ректоры Ж. С. Ақылбаев Қазақстан жоғары оқу орындары ректорларының Республикалық Үйлестіру кеңесі Президиумының мүшесі және Орталық Қазақстан (Астана, Қарағанды, Жезқазған) жоғары оқу орындарының ректорларының Аймақтық кеңесінің төрағасы.

Жамбыл Сәулебекұлы – белгілі ғалым-физик. Оның 1970 жылы «Ағын кедергісінің гидроаэродинамика және дөңгелек цилиндрдің жылу алмасуына тигізетін әсерін зерттеу» атты тақырып бойынша қорғаған кандидаттық диссертациясы мен 1996 жылы қорғаған «Шектелген ағындарда денелердің гидроаэродинамикасы мен жылу алмасуын зерттеу» тақырыбындағы докторлық диссертациясы ғылыми ортада кеңінен танымал.

Оның қатысуымен ұшатын аппараттардың аэродинамикалық өңдеуін өлшеудің жаңа технологиясы жасалды, ол Орталық аэро-гидродинамикалық институтпен (ЦАГИ) бірлескен зерттеулерде қолданылады.

Жамбылдың 70-тен астам ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстары, соның ішінде екі монографиясы, көптеген оқулықтары мен оқу кұралдары, сөздіктері, әдістемелік нұсқаулары және сонымен бірге 50-ге жуық публицистикалық мақаласы жарық көрді, ол бірқатар авторлық куәліктер алды.

Жамбыл Сәулебекұлы – «Қазақстан жоғары мектебі» халықаралық ғылыми-педагогикалық журналының Редакциялық кеңесінің мүшесі, «Жылу физикасы мен молекулалық физика» және «Қатты денелер физикасы» мамандықтары бойынша кандидаттық диссертациялар қорғау жөніндегі кеңестің төрағасы. Көрнекті қоғам қайраткері, ол әрқашан белсенді өмірлік позиция ұстанады, қаланың облыс пен еліміздің қоғамдық-саяси өмірінің бел ортасында жүреді.

Ж. С. Ақылбаев – Қарағанды облысы, Шет ауданының Құрметті азаматы!

Жан әке, шертіп сезім домбырасың,  
Кеудемді қуанышқа толтырасың.  
Арманның асқарына құлаш ұрсам,  
Алдымда асқар тау боп сен тұрасың.

Бұл күнде мен де өзеннің арнасымын,  
Кім мөлдір болса соның жолдасымын.  
Қуан сен, қуана бер, әкетайым,  
Мен сенің өміріңнің жалғасымын!

Осы өлең шумақтарында айтылғандай, Сәулебек әкесінің Жәкені – сол кісінің өмірін жалғастырып, ойлаған армандарын іс жүзінде асырып жүрген сүйікті ұлы! Бұл айтылғанның ең маңызды кезеңдерінің бірі – барлық іні-қарындастарына жоғарғы оқу орындарына түсуге тікелей көмектесіп, әрқайсысының бір-бір диплом алып шығуына ат салысты. Әкеміздің: «Бәрің де оқындар, білім алындар, орыс тілін үйреніндер, үлкен ағаларыңның – Көкетайларыңның жолын қуындар!» - деген жолдауларын іс жүзіне асырды. Онымен қоса, әрқайсымыздың үлкен өмірдегі жолымызды көрсетіп, жұмысқа тұруымызға да әсер етті. Әкеміз қайтқаннан кейін, әкеміздің орнына әке, шын аға бола білді. Әлі күнге дейін Көкетайымызға сеніп алғанымыз соншалықты, кез-келген отбасылық іс-шаралардың орындалуын сол кісіден тосып отырамыз.

Балаларының бәрі жоғары білімді, өмірден өз орындарын тапқан семья иелері. Оларға және олардан өсіп-өрбіп келе жатқан немерелеріне сүйікті жолдасы, өмір серігі – Халима екеуі үлкен адамгершілік қасиеттерді сіңіре отырып, жақсы өмір сүрулеріне көмектесуде. Екеуінің кенже балалары – Гүлжан әкесінің жолын қуған ғылым кандидаты, Евразия Университетінің доценті. Әкесінен, анасынан ізгілікті тәрбие алған біздің үлкен Ағамыз бойындағы барлық жақсы қасиеті арқылы өзінің бауырлары мен балаларына ғана емес, сонымен қатар барлық ауылдастарына, жолдастарына, туған-туыстарына, елінің өркениетті дамуына үлкен үлес қосып жүр.

Әкеміздің «баланың жақсысы – ата-ананың абыройы» - деп айтатын ойларын толық орындаған және ары қарай әке ісін жалғастырып жүрген Академик, ғылым докторы, профессор – Жамбыл Сәулебекұлы туған-туысқандарының мақтан ететін, үлгі тұтатын нағыз азаматы!

Әкеміз бен Анамыздың үлкен ұлы Жамбыл жолдасы Халима екеуі өздерінің балалары мен немерелерін тәрбиелеуде. Екеуі де ақылды, білімді, парасатты көркем жандар! Қаракесектің Кернейі Сәулебектің ұрпақтарына бас-көз болып біріктіріп отырған – үлкен отбасы иелері. Достары, жолдастары, туған-туысқандарының қадір тұтатын, құрметтейтін өнегелі ақылшылары.

## Есенжол Сәулебекұлы

Есенжол 1949 жылдың 19-сәуірінде Шет ауданы Ақсу-Аюлы селосында туды.

Орта мектепті аудан орталығынан қазақ тілінде 1966 жылы аяқтады. Сол жылы Алматыға келіп ҚазМУ-дың заң факультетіне оқуға түсті, кейіннен Қарағанды Педагогикалық институтының тарих факультетіне ауысып, 1971 жылы ҚарМУ дипломын алды.



Өзі туып өскен ауданында қызметке орналасты, әртүрлі салаларда жұмыс істеп, қазіргі уақытта аудан әкімшілігінде елінің жағдайын жақсарту саласында еңбек етуде.

Үйленген, төрт балалы, немерелері бар.


Есенжол – шаңырақты ұстап отырған, бәрімізді туған жерімізге жинап, әрқайсымыздан мейірімін аямайтын, ақкөңіл бауырымыз. Бала-шағасын тәрбиелеп, өз ауданында қызмет етіп жүр. Есенжолдың үлкені Әлия жолдасы Уәлихан екеуі Шыңғыс және Алуа атты балаларын өсіріп келеді. Астанада тұрады.

Нұрболатынан Айдарбек атты немересі бар. Нұргүл мен Айгүл Қарағанды қаласындағы «Болашақ» мектебінің оқушылары. әкелері оларға, олар әкелеріне тірек болатындығына сенім мол. Үлкен үй, шаңырақ иелерін бәріміз құрмет тұтамыз.

Туған-туысқандарына қамқоршы, достары мен ауылдастарының алдында абыройлы.

## Жанболат Жамбылұлы Ақылбаев

Жанболат 1960 жылдың 3-ақпанында Қарағандыда дүниеге келді. 6 айлығынан бастап үлкен атасы мен анасының қолында тәрбиеленді.



Орта мектепті орыс тілінде 1978 жылы аяқтап, жоғары оқу орнын Москва университетінде жалғастырды. 1983 жылы МГУ-дің математика факультетін ойдағыдай бітірді. Университеттің берген білімін толықтыра отырып, Қарағанды Политехникалық институтында оқытушылық қызмет атқарды.

Новосибирскідегі университеттің аспирантурасына түсті. Семья жағдайы бойынша, аспирантураны толық бітірмей, басқа жұмыстармен шұғылданды. Үйленген, бір ұлы бар. Жақсы шахмат ойыншысы, қайырымды, туған-туысқандарына көмекке дайын тұратын, елгезек жан! Қазіргі күнде Астанада тұрады.

Астанадағы алғашқы жұмысын қазақ тілін компьютерлік бағдарлама бойынша оқыту әдістерін таратудан бастады. Қазақ мектептеріне қажетті, ыңғайлы болғандықтан облыстық білім беру департаменттерімен бірігіп көп жұмыс атқарды. Ол іске жолдасы Зәуреш екеуі бірге араласты. Зәуреш Астанадағы орыс драма театрының әкімшілігінде көп жылдар қызмет атқарды. Өз ісіне тиянақты, ұқыпты, ақылды келін. Отбасының жинақылығына, тазалығына ұйытқы болып отыр.

Жаңа заман талабына сәйкес жақсы жұмыс атқара алатын, талапты семья иелері.



## Ерболат Жамбылұлы Ақылбаев

Ерболат 1961 жылдың 26-шілдесінде Қарағанды қаласында өмірге келді.

Орта мектепті орыс тілінде Ақсу-Аюлы селосында аяқтады. ҚазМУ-дің заң факультетіндегі оқуын ойдағыдай бітіргеннен кейін, Қарағандыға жұмысқа орналасты. Кейіннен Абай қаласының генпрокуроры болып біраз жылдар қызмет етті.



Астанадағы Жоғарғы сотта еңбек етіп, үлкен тәжірибе алды. Қазіргі уақытта Қазақстан темір жолы прокуратурасында жұмыс істейді, бөлім бастығы. Өз ісіне мығым, адал еңбек ететін, адамгершілігі мол азамат. Үлкен әкесінің еркелетіп айтатын Ертайлағы - жақсы семья иесі, балаларына үлгілі әке.

Ерболаттың келіншегі – Мақпал жоғары білімді, заң қызметкері. Екеуі үш қыз , бір ұл тәрбиелеуде. Үлкендері Индира Аграрлық университеттің 3-курсында, Гүлмирасы 11-класты аяқтап, биыл студенттер қатарын толықтырайын деп отыр. Карина - өз мектебінің белсенді оқушысы. Ал кенжелері – Абай бәрінің еркесі, мұсылмандық парызын атқарып, оқуға баруға дайындалып жүр. Ұрпақ жалғастырушы болашақтың азаматы.

## Басқа да балалары жайында...

Әкеміз бен шешеміздің үлгілі тәрбиесін алған, солардың ұясынан бапталып ұшып шыққан Марал, Күләш, Гүлнәр, Әсият, Кенжегүл, Лира есімді қыздары да бүгінде өз ұрпақтарын өсіріп келе жатқан жоғары білімді, адамгершіліктері мол, мейірімді – аналар. Әкеміз біздерді «төре құлындарым» дейтін, ешқашан «қыз» деген сөзді айтпайтын. Олай деген адамдарға ренжіп те қалушы еді... Бұл қасиеті мұсылман халқының жалпы қыз балаларды, әйелдерді құрметтеуінен сініп қалса керек, ол кісі келіндерін де ерекше құрметтеп, сыйлайтын. Сол қасиеттерге біздерді – балаларын баулитын. Балалары оқуға кеткенде, үйге қайтып оралғанша алаңдап, тосып жүретін. Алыс сапарларға шыққанда, ауылға қайтып келгенше сағынышын жазған хаттарында білдіретін. Кәкімбек Салықов ағамыздың «Сағыныш» деген өлеңінде мындай шумақтар бар:

Әкені бала сағынар  
Жоғымды тауып берсе деп  
Баланы Әке сағынар  
Қалқайған бойын көрсем деп  
Сағынып анаң шаршайды,  
Сақтаған дәмін татса деп.  
Жолыңды тосып аңсайды,  
Тынығып аз күн жатса деп...

Біздің ата-анамызға арналғандай! Барлық балалары Қарағанды, Алматы қалаларында оқыды, үнемі жол жүрістерде болды. Әрқайсымыз келгенде әкеміз бетінде күлкі шырайы ойнап, есік алдында қарсы алатын. Өзі қызмет етіп жүргенде командировкаға жиі баратын. Қайтып келгенде бәрімізді жинап, ауылдан аяндап шыққанынан бастап, келгенше көрген, білгенін тәптіштеп әңгімелейтін. Бізден де солай талап ететін. Білімімізді де тексеріп отырды. Тарихи білімнің бәрін Әкемізден алдық. Осының бәрі тиянақтылыққа, жинақылық пен жүйелілікке баулу еді. Қазіргі өмірімізде оны жақсы сезініп жүрміз. Әкеміз де, шешеміз де жаңалыққа құмар еді, құлақтары елеңдеп естігендерін балаларымен бөлісіп, талдап та отыратын. Кітапты оқуға, кітапты құрметтеуге де үйреткен сол кісілер. Қатар-қатар төсекте жатып «Батырлар жырын», эпостар мен әңгімелерді мәнерлеп оқитынбыз.

«Орысша сөйлеуге үйреніндер, жиналыстарда орысша баяндама жасандар» деп айтатын. Мысалға Көкетайымды және ауылда комсомол қызметінде істеген Кәсімбек ағамызды келтіретін. Әлі есімде «очковтирательство» деген сөздің мағынасын талдағанымыз...

Иә, әкеміз де, шешеміз де өз балаларындағы мүмкіншіліктерді де болжады. Әсіресе үлкен ұлдары – Жәкендеріне қатты сенім білдіретін! Ұлдары ол үміттері мен сенімдерін толығымен ақтады! Көп мәселелердің шешімін табарда «Көкетайыммен ақылдастың ба, ол не айтты?» - деп, егер көңіліне қонса, «онда солай істендер, Көкетайымды тыңдаңдар!» - деуші еді. Сонда Көкеміздің әр істі ақылмен орындайтынына сенгені ғой...! Осылайша әке-шешеміз бір-бірімізді тыңдауға, үлкенімізді сыйлауға үйретті. Өздері де біздерді Жәкен, Мәрәтай, Есетай, Күләтай, Гүлә, Кенжеш, Лиркатай, Жантайлақ, Еркөкетайлақ деп еркелетіп, құрметтейтін. Әкеміздің маған Алматыда оқып жүргенде жазған хаттарында осылай жазулы тұр. Адамгершілікке, қарапайымдылық пен әділдікке, адалдық пен шыншылдыққа тәрбиеледі. Бір-бірімізбен сыйластықта болуға, ақылдылық пен ұстамдылыққа баулады. 1956 жылы туған Әсияштың атын «Мәдениет және тұрмыс» журналында жазылған «Шыншыл балалар Азат пен Әсият» әңгімесіне байланысты өзі қойды. Сонда оның болашақ юристер жолын ашатындығын да көріп білді. Анамыз да өзінің бар махаббатын, ыстық сезімдерін, күш-қуатын балаларына арнаған – нәзік жан еді. Өнерлі, ісмер, тиянақты болуға тәрбиеледі. Ол кісі қазақтың халық әндерін әдемі айтатын. Үй шаруашылығымен айналысып жүріп, бізге сол әндердің шығу тарихын да әңгімелейтін. Қысқы соғым сойылғанда қазы айналдырып, шұжық жасау науқаны басталады. Анамыз сол істі көпке созбай, сол күні-ақ орындап тастайтын. Ол жұмыс түннің ортасына дейін созылады, ұйықтап қалмас үшін біздерді жанына отырғызып қойып ертегілер айтатын, ән салатын. Сонда қолқабыс етіп, көмектеспей, қарап отыратынбыз. Сол кезден қазақтың халық әндерінің әдемі әуендеріне қанықтық. Кейін өзіміз де айтатын болдық. «Наз қоңыр», «Қалқа», «Бір бала», «Маусымжан», «Әпитөк», «Бипыл», «Гүлдерайым», «Уа, Зәуреш», «Ой, көк», «Сәулем-ай», «Он алты қыз», «Құдаша», тағысын тағылар... «Бір бала» әнін қазіргі кезде Есенжол өте әдемі орындайды. Ал, Әсияштан бастап кейінгілері (немерелері) домбыра тартуды алғаш Мамаларынан үйренді. «Светит месяц» деген орыс әнінің үлгісімен тартатын анамыз. Әкеміз ондай кездерді өте ұнататын: «Үйреніп алыңдар, сендер одан әрі дамытыңдар», -деп отыратын.

Әсіресе ол кісіге анамыздың орындауында Қасым Аманжоловтың жазған «Туған жер», «Жас дәурен», Мәдидің «Қарқаралы» әндері ұнайтын еді. Ағатайым ашылып айтпаса да, жымындаған бет-пішінімен білдіретін, «шешелерің бүгін көңілді ғой», - деп қалжындайтын. Сәкен Сейфуллиннің «Тау ішінде» атты өлеңін Төтем ерекше жақсы орындайтын. Кейіннен ол әнді Ағатайымның өте жақсы көретіндігін түсіндік. Атқа мініп, түнделетіп Жарық, Дәрия, Ағадыр, Айғыржал, Өспен аралықтарында жүреді екен. Ал, осының бәрі тәрбие ғой! Сондықтан да болар Сәулебек әкеміз бен Зүһрә - анамыздың балалары, құдайға шүкір, талантты, талапты, ақылды болып өсті. Бәрі де, ең бастысы, мейірбанды, адамгершілігі бар азаматтар. Мейірімділікке бауланған адамдардан ешқашан да жамандық қасиеттер байқалуы мүмкін емес. Сол себепті әр баласы өмірден өздеріне тиесілі орындарын алды. Келесі ұрпақтарды тәрбиелеп, олардың бойларына адалдық, әділдік, мейірімділік дәндерін егуде! «Бүгінгі жаңалық – ертеңгі тарих» демекші, осы айтқандарымызды болашақ ұрпағымыз есте сақтап, жалғастырып отырса, ата-анамыздың есімдері мәңгі ұмытылмайды ғой!

Әке-шешеміз әр баласының жетістігіне мәз болып, бірденелері орындалмай жатса қатты ренжіп, оның жағдайы түзелгенше мазаланушы еді. Ағатайым пенсияға шығып, жұмыстан қолы босаған соң қорасына азын-аулақ ұсақ мал жинай бастады. Соларды бағып-қағып, өсіріп, әрқайсымыз келгенде бір қойын арнап отыратын. Әсіресе, жазда бәріміз бір мезгілде жиналып, аулада шуылдап балалар ойнап жүргенді, пеш жағылып тамақ пісіп, далада самауыр қайнатылғанды өте ұнататын. Қазір сол кезеңдерді де сағынамыз... Бірақ, өмір - өзен, әрі қарай ағу, жылжу қажет! Немесе Рудаһидің сөзімен айтқанда:

Өмір – теңіз,  
Жүзем онда деменіз  
Ізгіліктен жасалмаса кемеңіз!

Кемеміз ізгіліктен жасалған соң, сол өмір теңізінде ептеп «жүзіп» келеміз.

Қыздарының үлкені Марал жолдасы Шахизада екеуі Павлодарда тұрады. Шахизада Капсаттарұлы - профессор, физика кафедрасының меңгерушісі. Айдын, Әсел деген балаларын оқытып, өздері педагогтік

жұмыстарымен айналасып жүр. Әкеміз бен шешеміздің Мәратайы қазір пенсия жасына жетіп, өз мамандығы бойынша оқулық, анықтамалар жазып, баспадан шығарды. Қазақ мектептеріне арналған химиядан кестелер мен суреттер жасады. Осындай жұмыстарды Шахи физикадан орындады. «Арман» баспасынан еңбектері жарық көрді. Екеуі де Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің үздіктері, құрметті қайраткерлері атағын алған ұлағатты ұстаздар. Павлодар өңірінің үздік оқыту істеріне көп үлестерін қосқан, ғылым жолында да көп еңбектері бар білімді азаматтар. Ұлдары – Айдын Ел Президентінің «Болашақ» бағдарламасының алғашқы түлектерінің бірі: АҚШ-та Нью-Йорк университетінде магистратураны 1998-жылы аяқтап, елде қызмет етіп, қазіргі кезде Италияның Милан қаласында доктарантурада оқиды. Қыздары - Әсел 10-класты үздік аяқтап, 11-класқа көшті.

Күләш Қарағандыда, мұғалім. Екі қызы, жиендері бар. Жолдасы Шарапат мектеп директоры. Әке-шешесінің ізгілікті қасиеттерінен сусындаған Күләш та өз балаларына өте жақсы тәрбие берген: Қарақаты мен Боташы жеке-жеке семьялары, балалары бар, жоғары білімді азаматшалар.

Гүлнәр да мектеп мұғалімі, Қарағандыда тұрады, балалары жақсы тәрбие алған білімді қызметкерлер. Ернұр да, Айнұр да банк саласында еңбек етіп, аналарына қолқабыстарын тигізуде.

Әсият – юрист. Астанада өзінің жеке «Аддиго» атты фирмасы бар, білікті заңгер. Бауыржаны мен Айжаны да өзінің жолын қуып, университеттің заң факультеттерін бітірген білімді азаматтар. Өмірде өз орындарын тауып, жақсы еңбек етуде.

Кенжегүл – экономист. Қарағандыда өзінің үш баласын тәрбиелеп, оқытып жатыр. Әке-шешесінің қартайған шағында жанында болған, көп көмек көрсеткен, ауырып-сырқағанда қастарында болған отбасының кіші қызы. Үлкен ұлы – Жандос – студент, қалған балалары мектеп оқушылары.

Лира – үлкен әке-шешесінің қолында тәрбиеленген отбасымыздың ерке, сүйікті қызы. Әкесі Жамбыл оны «семьяда басқа да мамандық иелері болсын» деген оймен кооперативті институтқа бағыттаған еді. Ойдағыдай аяқтап шығып, дипломын алды. Астанада тұрады. Үлкен

әке-шешесіне ұқсап бар қызметін балаларына көрсетуде. Үлкені Айдос МГУ-де оқиды, мықты математик. Кішілері мектеп оқушылары. Жолдасы Ерасыл – заң қызметкері.

Көкетайымыз туған ұясынан 1956 жылы «ұшып» оқуға аттанды. Одан кейінгі балалар да біртіндеп қалаға оқуға кетіп отырды. Әке-шешеміз үнемі қарсы алып, шығарып салумен өмір сүрді. Біздерді сағынғанда арасында әрқайсымызға келіп кетуді де армандаған ойларын, бәрінен алыстау (Алматыда) тұрған маған, жолдаған хаттарында айтады. Алматыға келгендегі өзіме қызықтырақ болған оқиғаны айтқым келеді.

Жанболат 3-курсты аяқтап каникулға Шетке келді. Көптен бері Алматыға маған келіп қайтуды көздеп жүрген Әкемізге серік болып екеуі бізге қонаққа келді. Сол жолы өте жақсы дем алды. Адамып кетпесін деп Жанка екеуіміз, Шахи мен Айдын да қосылып қолынан ұстап аламыз. Алматыда «Универсам» ашылған кез, соны да көрсін деп алып бардық. Неге екенін білмеймін, бәкісі бар болса да «маған бәкі керек» деп тұрған. Бір кезде Жанболат жүгіріп, менің қасыма келді: «Ағатайым қайда, таппай қалдым» - деп. Біз басқа бірдеңеге аландай бергенде әдейі «қашып» кетіпті. Бәріміз жабылып жүріп, зорға таптық. «Мені жас бала құсап, қолымнан жетелеген соң, ыза болып сендерден жасырынып қалдым, өз бетіммен бәкі сататын қызбен сөйлесіп, қазір аламын деп кеттім» - деп тұр Ағатайым.

Мен Химия ғылымдары Институтында жұмыс істегендіктен, Қазақ Академиясының да корпусарын аралаттық. Менің лабораторияма кіріп, химиктермен сөйлесіп тұрған, енді қайтайық десек, Ағатайым жаңағы орнында жоқ. Ал іздейік!...Институттың вахтері «Жаңа бір үлкен адам склад жақтағы есікке қарай кетті» - деді. Жүгіріп сыртқа шықсам химиктердің реактивтер сақтайтын склады жағында «қыдырып» жүр. «Сендерсіз өз бетіммен аралайын деп едім»-дейді маған. Сонда біздің өзін «қартайтып» жетелеп жүргенімізді ұнатпағанын мен енді біліп жүрмін... Әке-шешенді өзің балалы болғанда, жас ұлғайғанда түсінерсің дегендері осы екен!



Таза мінсіз асыл тас  
Су түбінде жатады.  
Таза мінсіз асыл сөз  
Ой түбінде жатады.  
Су түбінде жатқан тас  
Жел толқытса шығады.  
Ой түбінде жатқан сөз  
Шер толқытса шығады.

Демекші айтатын, еске түсіретін жағдайлар көп, келешекте балалар оқып шығуға жеңілдеу болсын деп қысқаша естелік жаздық. Ендігі арман - Сәулебек әкеміздің балаларының балалары бір-бірімен араласып туыс жалғастығы өшпесе болды.



## Аулада түскен суреттер





# Кейінгі жылдардағы суреттер









